

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ
НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ
МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІМЕН КЕЛІСІЛГЕН**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ
НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ
МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІНІҢ
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

« _____ » _____ 2006 жыл

«Еуразиялық банк»

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**Акционердің шешімімен
бекітілген,**

« _____ » _____ 2006 ж.

Алматы қ. 2006 жыл

Осы Жарғы бұдан әрі «Банк» деп аталушы «Еуразиялық банк» Акционерлік Қоғамының құқықтық мәртебесін, ұйымдасуы мен қызмет етуінің негіздерін, сонымен қатар Банк қызметін тоқтату шарттарын анықтайтын құжат болып табылады. Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дайындалған.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Банктің толық және қысқартылған атауы:

а) мемлекеттік тілде – «Еуразиялық банк» Акционерлік қоғамы, «Еуразиялық банк» АҚ;

б) орыс тілінде – Акционерное общество «Евразийский банк», АО «Евразийский банк»;

в) ағылшын тілінде – Eurasian Bank JSC.

1.2. Банк – осы Жарғыға, заңдық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

Банктің меншік құқығында оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асырады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Банктің дербес балансы және корреспонденттік шоттары бар.

Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Банк ретінде мемлекеттік тіркелуі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясының болуымен анықталады.

Банктің өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі, бланк қағаздары, эмблемасы және өзге де деректемелері болады.

1.3. Банктің атқарушы органының (Басқарма) тұрған жері: 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 56.

1.4. Банктің меншік түрі – жекеменшік.

1.5. Банк банктік қызметті жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, әрекет етуші заңнамасын, Қазақстан Республикасы отырған халықаралық келісім-шарттарды (келісімдерді), сондай-ақ заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының негізінде және орындалуы мақсатында уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің құзіреттеріне жатқызылған мәселелер бойынша қабылдаған нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны, Жалпы жиналыстың (акционердің), Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

1.6. Банк корпоративтік басқару кодексін қабылдайды, әрі «Қазақстан қор биржасы» АҚ Эмитенттер кеңесі отырысында мақұлданған Корпоративтік басқару Кодексін сақтайды.

1.7. Банк өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкке ие болып, олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

Банк Акционері Банк міндеттемелері үшін жауап бермейді, тек Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Банк қызметімен байланысты шығын тәуекелін көтереді.

1.8. Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл сол сияқты мемлекет Банк міндеттемелері үшін жауап бермейді, тек егер Банк немесе мемлекет өздеріне осындай міндеттемелер алмаған болса.

1.9. Банк Қазақстан Республикасы аумағында, не одан тысқары жерлерде болсын заңда белгіленген тәртіппен өзінің еншілес ұйымдарын, филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

Банк филиалдарының Директорлары үшінші тұлғалармен қарым қатынасы барысында Банкті таныстыру құқықтары сенімхаттарына қол қоюға қарастырылған өкілеттіліктің шегіне байланысты құқылы.

1.10. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

II. БАНКТИҢ БАНКТИК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1. Банк қызметінің мақсаты кіріс келтіру болып табылады.

2.2. Банк уәкілетті органның лицензиясы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған банктік және өзге де операцияларды жүргізеді.

2.3. Банк уәкілетті органның лицензиясы негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногінде кәсіби қызмет етуге құқылы.

2.4. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасы тиым салмаған өзге де қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.

Егер белгілі бір қызмет түрімен айналысуға өкілетті органдардың (лицензия берушінің) арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) қажет болса, Банк белгіленген тәртіп бойынша тиісті рұқсатты (лицензия, сертификат) алған соң және соған сәйкес сол қызметпен айналысады.

2.5. Банкке банктік қызметке қатысты емес немесе Жарғының 2.3. тармағында көзделмеген операциялар мен мәмілелерді кәсіпкерлік қызмет ретінде жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа реттерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарында қатысуға немесе акцияларын алуға тиым салынады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді орындау.

III. БАНКТИҢ МҮЛКІ МЕН КАПИТАЛЫ

3.1. Банктің мүлкі жеке меншік құқығы ретінде өзіне тиесілі.

Банк мүлкінің құралу көздері болып табылады:

- акцияларды сатудан түскен қаражат;
- оның қызметінен түскен табыс;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тиым салынбаған басқа да көздер.

3.2. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылармен (жалғыз құрылтайшымен) атаулы құны бойынша және инвесторлармен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағасы бойынша акцияның төленуі арқылы құралып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрініс табады.

3.3. Банк акциялары орналастыру кезінде тек қана ақшадай Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төленуі міндетті.

3.4. Банктің жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жариялы акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асады.

3.5. Банктің регуляторлық өз капиталы – Банк инвестицияларын алып тастағанда қалған капитал сомасы. Регуляторлық өз капиталын және Банк инвестицияларын есептеу әдістемесі уәкілетті органмен анықталады.

3.6. Банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды өтеу мақсатында Банк резерв капиталын қалыптастырады. Резерв капиталы жай акциялар бойынша дивидент төленгенге дейінгі Банктің таза табысы есебінен жасалады. Банктің резерв капиталының ең төменгі мөлшері уәкілетті органмен белгіленеді.

Егер қандай да бір төлемдердің салдарынан Банктің резерв капиталы уәкілетті орган белгілеген мөлшерден кем болып қалған жағдайда, Банк резерв капиталын көрсетілген мөлшерге дейін толықтыру үшін ақша аударуды қайта бастауға міндетті. Банк шығындары резерв капиталы қаржысынан өтеледі, ал егер ол жетіспеген жағдайда, Банктің басқа да меншіктік қаржысы есебінен өтеледі.

3.7. Банк басқа да қорларды құра алады, олардың түрлерін және пайдалану тәртібін Банктің Директорлар кеңесі анықтайды.

3.8. Тиісті дәрежедегі бақылауды және жүргізілген операциялардың аумағы мен сипатына сәйкес өз қызметінің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банк берілген несиелер мен басқа да активтерге қарсы резерв қалыптастыра отырып, оларға Қазақстан заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіп пен шарттарда сыныптама жүргізеді.

IV. БАНК АКЦИЯЛАРЫ. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ

4.1. Банк жай акцияларды шығарады.

Банк өз акцияларын құжатсыз нысанда шығаруды жүзеге асырады.

Акция бөлінбейді.

4.2. Банк акционерлерінің құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылаған тәртіппен Банкті басқаруға қатысу;
- 2) дивиденттер алу;
- 3) Банк қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысы немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Банктің қаржы есебімен танысуға;

- 4) **Банк тіркеушісінен** немесе атаулы ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірме алу;
- 5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайлауға үміткерлер ұсыну;
- 6) Банк органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау;
- 7) Банкке оның қызметі жөнінде жазбаша сауал салып, Банкке сауал түскеннен бастап 30 күн ішінде дәйекті жауап алу;
- 8) Банк таратылған жағдайда оның мүлкінің бөлігіне ие болуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оның акцияларына айналдырылатын Банктің акцияларын немесе бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу.

4.3. Сонымен қатар ірі акционердің құқықтары:

- 1) Акционердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартса, оны шақырту жөнінде сотқа талап-арыз беру;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қосымша мәселелерді қоюды ұсыну;
- 3) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап ету;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банк аудитын жүргізуін талап ету.

4.4. Банк акционерінің міндеттері:

- 1) акцияларды төлеу;
- 2) он күн ішінде **Банк Тіркеушісін** және осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысын Банк акцияларын ұстаушылар тізімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлау;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеу;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді атқару.

4.5. Егер Банк жариялы акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айналдырылатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған сондай бағалы қағаздарды сату ниеті болса, бұл туралы шешім қабылдаған сәттен бастап он күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздарды бұл туралы шешім қабылдаған Банк органы белгілеген орналастыру (сату) бағасымен қолында бар акциялардың санына сәйкес, тең жағдайда сатып алуды ұсынады. Банк акцияларының орналастырылуы (сатылуы) туралы хабарланған сәттен бастап отыз күн ішінде акционер Банк акцияларына айнала алатын акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға тапсырыс беруге құқылы.

Бұл жағдайда Банктің жай акцияларына ие болып отырған акционер Банктің жай акцияларына айнала алатын жай акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына ие.

4.6. Өзінің жариялы акцияларын бағалы қағаздардың алғашқы рыногіне орналастыру кезінде Банктің сатып алуына жол берілмейді.

4.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленгеннен соң таза табыс Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен белгіленген тәртіппен пайдаланады.

Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен есептік қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі бекітіледі, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешімдер қабылданады, жыл қорытындысы бойынша Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивидент мөлшері бекітіледі.

4.8. Банк акциялары бойынша дивиденттер ақшадай немесе Банк бағалы қағаздарымен дивидент төлеу туралы акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының көпшілігімен шешім қабылданса, төленеді.

Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидент, тек қана, егер төлем Банктің жариялы акцияларымен және шығарылған облигацияларымен, акционердің жазбаша келісімі болғанда ғана төленеді.

Дивидент алуға құқылы акционерлердің тізімі дивиденттер төлемі басталатын күннен бір күн бұрынғы күнмен дайындалуы тиіс.

4.9. Банк акциялары бойынша дивидент төлеу тоқсанның, жарты жылдықтың немесе жылдың қорытындысы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Банктің жай акциялары бойынша дивидент төлеу тоқсандық, жарты жылдық нәтиже бойынша **Банктің Акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен ғана жүзеге асырылады.**

Акционерлердің Жалпы жиналысының тоқсанның немесе жарты тоқсанның қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд көлемі көрсетіледі.

Жылдың қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидент төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық Жалпы жиналысымен қабылданады.

Банктің Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидент төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы, мұндай шешім қабылданғаннан бастап он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Бесінші абзац алынған

4.10. Банктің жай акциялары бойынша дивидент төлеу туралы шешім шыққаннан бастап он жұмыс күні ішіндебұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Банктің жай акциялары бойынша дивидент төлеу туралы шешімі келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, тұрған жері, банктік және басқа да деректемелері;
- 2) Дивиденттер төленетін кезең;
- 3) Дивиденттердің жай акцияға шаққандағы мөлшері;
- 4) Дивиденттер төлемі басталатын күн;
- 5) Дивиденттерді төлеудің тәртібі мен нысаны.

4.11. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша дивиденттер есептелмейді әрі төленбейді.

Банктің жай акциялары бойынша дивиденттер төлеуге жол берілмейді:

1) егер өз капиталы теріс мөлшерде болса немесе, егер қоғамның өз капиталының мөлшері дивиденттерді оның акциялары бойынша төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда дивиденттерді оның акциялары бойынша төлеу нәтижесінде пайда болса.

4.12. Акционер Банк қарызының пайда болу мерзіміне қарамастан, алмаған дивиденттерін талап етуге құқылы.

Дивидент белгіленген мерзімде төленбесе, акционерге дивиденттің негізгі сомасымен қоса оған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің ақшадай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күнгі қайта қаржыландырудың ресми ставкасына қарай есептелетін өсім төленеді.

4.13. Банк акцияларымен мәміле жасау, Банк бастамасымен және акционердің талабымен орналастырылған акцияларды сатып алу, сондай-ақ Банк акцияларымен басқа да операциялар мен әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

V. БАНК ОРГАНДАРЫ. ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЫ

5.1. Банк органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы (дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі болса, - сол акционер);
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

5.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп тұруға міндетті. Акционерлердің басқа Жалпы жиналыстары кезектен тыс жиналыс болып табылады.

Акционерлердің жыл сайын өтетін Жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есеп-қисабы бекітіледі;
- 2) Банктің өткен қаржылық жылдағы таза пайдасының үлестіру реті мен Банктің бір жай акциясына төленетін дивиденд көлемі анықталады;
- 3) Акционерлердің Банктің іс-әрекеті мен лауазымды тұлғалары туралы сұрақтары мен оларды қарастырудың нәтижелері қарастырылады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы Банктің акционерлеріне Директорлар Кеңесінің мүшелері мен Банк Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мен берілетін сыйақы көлемі туралы хабарлайды.

5.3. Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысы заңдармен бекітілген уақытта өткізілуі тиіс.

5.4. Дауыс беруші акциялардың барлығы бір акционерге тиесілі болған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер

бойынша шешімдерді осындай акционер өзі дара қабылдайды, әрі ондай шешім жазбаша рәсімделуге жатады.

5.5. Егер осы Жарғының 5.4. тармағында қарастырылған жағдайларда, Банктің барлық дауыс беруші акцияларына ие тұлға немесе жалғыз акционер заңды тұлға болып табылса, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасы заңнамасына және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғасы немесе қызметкерлері қабылдайды.

5.6. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін және оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті қайта құру немесе тарату;
- 4) Банктің жариялы акцияларының санын көбейту немесе Банктің орналастырылмаған жариялы акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4-1) Банктің бағалы қағаздарын конвертациялаудың шарттары мен ретін анықтау және өзгерістерін

5) Санақ комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

8) жылдық қаржылық есепті бекіту;

9) Банктің есептік қаржылық жылы үшін таза табысты бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивидент мөлшерін анықтау;

10) осы Жарғының 4.11. тармағында қарастырылған жағдайларда Банктің жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау;

11) Банктің сомасы Банк активтерінің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін өткізу арқылы өзге заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

12) Банктің акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту туралы акционерлерді хабардар ету нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына беру туралы шешім қабылдау;

13) Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, Банктің акцияларды сатып алуда акциялардың бағасын анықтау әдістемесіне өзгерістер бекіту (әдістеме бекіту, егер ол әлі бекітілмеген болса);

14) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

15) Банк қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

16) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

17) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзырына солар бойынша шешім қабылдау жатқызылған басқа да мәселелер.

5.7. Қазақстан Республикасы заңнамасында өзгеше көзделмесе, солар бойынша шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылатын мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Банк қызметкерлерінің құзырына өткізуге жол берілмейді.

5.8. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Банк қызметіне жалпы басшылық етеді.

5.9. Директорлар кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде жариялы акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

(6) **исключен;**

- 7) Банктің облигациялары мен туында бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;
- 8) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) лауазымдық қызметінің мөлшерін, еңбек ақысын төлеу және Банк Басқармасы басшысы мен мүшелеріне сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек ақысының, сыйақысының мөлшерін, төлеу тәртібін белгілеу;
- 11) аудиторлық ұйымның және заңнамаға сәйкес Банктің акцияларының төлеміне берілген меншіктің немесе ірі мәміленің нысанының нарықтық бағасының анықтайтын бағалаушының көрсеткен қызметі үшін ақы мөлшерін белгілеу;
- 12) Банктің ішкі қызметін реттеуші (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) құжаттарды бекіту, соның ішінде Банк қызметімен байланысты тәуекелдерді шектейтін, және тәуекелдерді бақылауға арналған саясаттар мен процедураларды Банктің бағалы қағаздарына жазылу мен аукциондар өткізу шарттарын бекітетін ішкі нормативті құжатты бекіту
- 13) Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызына (жарғылық капиталдағы қатысу үлесіне) ие болуы, олардың қызметі жөнінен шешімдер қабылдауы туралы шешім қабылдау;
- 15) Банк міндеттемелерін оның өз капиталы көлемінің он және одан артық пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту;
- 16) бұған дейінгі тіркеушімен Банктің шарт бұзылған жағдайда Банк тіркеушісін таңдау;
- 17) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 18) ірі мәмілелер және Банк мүдделілік танытқан мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
- 19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және омы Жарғымен көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзырына жатпайтын өзге мәселелер.

5.10. Осы Жарғының 5.9. тармағында көрсетілген мәселелер тізбесін Банк Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасы құзырына жатқызылған мәселелер бойынша, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ,

5.10.-1. Маңызды мәселелерді қарастыру мен Директорлар Кеңесіне ұсыныстар ұсыну мақсатында келесі мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің Комитеттерін құруға болады:

- 1) стратегиялық жоспарлау ;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) әлеуметтік мәселелер;
- 4) Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да мәселелер.

Директорлар Кеңесінің Комитеттері Директорлар Кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеуге қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар Кеңесі Комитетіне төраға бола алмайды.

5.11 Директорлар кеңесінің мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері келесілерден сайланады:

- 1) акционерлер-жеке тұлғалар;
- 2) акционерлердің мүддесін қорғаушы өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
- 3) басқа тұлғалар (осы Жарғының 5.12. тармағында көзделген шектеулерді ескере отырып).

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша түгелдей бір үміткер үшін немесе Директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше үміткерлер арасында даусын бөліп беруге құқылы. Мейлінше көп дауыс жинаған үміткер Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды деп саналады. Егер Директорлар кеңесіне мүшелікке екі немесе одан көп үміткерлер бірдей дауыс жинаса, онда бұл үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

5.12. Директорлар кеңесіне мүше болып Банк акционері емес, Директорлар кеңесіне акционер мүддесін қорғаушы өкіл ретінде ұсынылмаған, жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің елу пайыз құрамынан аспауы тиіс.

5.13. Банк Басқармасының мүшелері, оның басшысынан басқасы, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

5.14. Директорлар кеңесінің мүшелер саны үш адамнан кем болмауы керек. Банктің Директорлар кеңесі мүшелер санының үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы қажет.

5.15. Банктің Директорлар кеңесі Төрағасы лауазымына немесе мүшелігіне келесі тұлғалар сайлана алмайды:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) мінсіз іскерлік абыройға ие емес;

3) уәкілетті органның қаржы ұйымының консервациясы, оның акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаржы ұйымын ықтиярсыз тарату немесе оның банкроттығын растау туралы шешімді қабылдағанға дейін бір жыл аспаған кезеңде алдында директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, қаржы ұйымының бас бухгалтері болып жұмыс істегендер. Көрсетілген талап уәкілетті органның қаржы ұйымының консервациясы, оның акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаржы ұйымын ықтиярсыз тарату немесе оның банкроттығын растау туралы шешімді қабылдағаннан кейін бес жыл ішінде қолданылады;

4) өзге қаржы ұйымында басшы қызметкер болып жүрген кезінде басшы қызметке тағайындалуға (сайлануға) келісім қайтарып алынған тұлға. Көрсетілген талап уәкілетті орган басшы қызметкерін тағайындауға келісімді қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін он екі ай ішінде қолданылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып есептелетін тәуелсіз директор қаржылық қызметтер көрсету және(немесе) реттеу саласындағы жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы керек.

Қазақстан Республикасы заңнамасымен Банк Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын өзге талаптар көзделуі мүмкін.

5.16. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу кезінде бітеді, бұл жиналыста жаңа Директорлар кеңесі сайланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерінің толық құрамының немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасымен, Директорлар кеңесін жазбаша хабарландыру негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің сондай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысына түскен кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, мұнда осы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің бүтіндей өкілеттік мерзімімен бір мезгілде аяқталады.

5.17. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан кұпия дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырысын жүргізеді, сонымен бірге осы Жарғыда белгіленген өзге де міндеттерді атқарады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы жоқ болған кезде оның міндеттері Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесіне жүктеледі.

5.18. Банк Басқармасы ағымдағы қызметке басшылық етуші Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады.

5.19. Банк Басқармасы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған, Банктің қызметі жөніндегі кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Банк Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Банк, егер мәміле жасасқан кезде екі тарап сондай шектеулердің бар екенін білгендігін дәлелдесе, оның Басқармасының Банк белгілеген шектеулерді бұза отырып жасасқан мәмілесінің жарамдылығын даулауға құқылы.

5.20. Банк Басқармасы:

- а) Банк атынан әрекет етеді, соның ішінде Банк мүддесін қорғайды;
- б) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Банк атынан мәмілелер жасасады;
- в) Осы Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің қарауына жататын барлық мәселелерді алдын ала қарастырып, сол бойынша тиісті материалдар, ұсыныстар мен шешім жобаларын дайындайды;
- г) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне басшылық ету мәселелерін шешеді;
- д) Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді;
- е) банктік және өзге операцияларды жүргізу барысында туындайтын мәселелерді шұғыл шешеді;
- ж) Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарастып, бекітеді;
- з) штат кестесін бекітеді, кадрларды тіркеу, орналастыру және дайындау мәселелерін шешеді;
- и) Банктің барлық қызметкерлері үшін міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады, нұсқаулар береді;
- к) есеп, есеп беру, ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
- л) Банк Басқармасының Төрағасы Басқарма қарауына ұсынған басқа да мәселелерді шешеді.

5.21. Банк акционерлері және акционерлер болып табылмайтын қызметкерлері Банк Басқармасының мүшелері бола алады.

Банк Басқармасының мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ оның Банкпен арасында жасалатын жеке еңбек шартымен белгіленеді. Банк Басқарма Төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шартына Банк Басқармасы Төрағасы қол қояды.

Банк Басқармасының Төрағасы атқарушы органның басшысы қызметін не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын атқаратын тұлғаның қызметін атқару құқығына ие емес.

5.22. Банк Басқармасының Төрағасы:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Банк атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банк атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Банк қызметкерлерін қабылдауды, бір орыннан екінші орынға ауыстыруды, орнынан босатуды (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайлардан қоспағанда) жүзеге асырады, марапаттау шараларын және тәртіптік жазалауды қолданады, Банк қызметкерлеріне лауазымдық қызметінің мөлшерін және Банктің штат кестесіне сәйкес қызметіне қатысты жеке үстемелерді белгілейді, Банк Басқармасы және Банктің Ішкі аудит қызметі құрамына кіретін қызметкерлерден басқа, Банк қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін белгілейді;
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Банк Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, құзырет пен жауапкершілік аяларын бөледі;
- 7) осы Жарғымен, акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге міндеттерді атқарады.

5.23. Басқарма мүшелері – Банк Басқармасы Төрағасының орынбасарлары өз құзырлары шеңберіндегі мәселелер бойынша Банк қызметкерлеріне үшінші жақтармен қарым-қатынаста Банк атынан өкілдік етуге сенімхат беруге құқылы

5.24. Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу мақсатында саны үш мүшеден кем емес Ішкі аудит қызметі жасақталады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тек Директорлар кеңесіне ғана бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

5.25. Банктің лауазымды тұлғалары, оның ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Банк Басқармасының Төрағасы мен мүшелері:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;
- 2) қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны қоғам жарғысына және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына;
- 3) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйелерінің тұтастығын, соның ішінде тәуелсіз аудит жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес, Банк қызметі туралы ақпаратты ашуды және беруді бақылайды.
- 5) Банкте жұмыс істеуі тоқтаған сәттен бастап бес жыл бойы Банктің қызметі туралы құпиялықты сақтауы тиіс.

5.26. Банктің лауазымды тұлғалары, атап айтқанда, Төраға мен Директорлар Кеңесінің мүшелері, Банк Басқармасының Төрағасы мен Басқарма мүшелері өз әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) әсерінен Банктің зиян шеккені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап беретін болады, сонымен қатар, келесі әрекеттер нәтижесіндегі шығындар үшін:

- 1) әдейі берілген жалған мәлімет немесе жаңылыстыратын мәлімет беру;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен мәлімет беру тәртібен бұзу.

Банк акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде Банктің шеккен зияндары немесе шығындары үшін лауазымды тұлғаны жауапқа тарту мақсатында сотқа қуыным беруге құқылы.

Банктің лауазымды тұлғалары Банктің немесе акционердің шығынға батуына алып келген шешімге қарсы дауыс берген болса немесе дауыс беруге қатыспаған болса, жауапты болудан босатылады.

VI. БАНК ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы мыналардың бастамасымен шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

Өз еркімен жойылу алдында тұрған Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің жою комиссиясы шақырып, дайындап өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерімен акционерлердің кезектен тыс міндетті Жалпы жиналысын шақырту жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеп және өткізуді жүзеге асырады:

- 1) Банк Басқармасы;
- 2) онымен жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Банктің тарту комиссиясы.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақырып, әзірлеп оны өткізу жөніндегі шығындарды, Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген жағдайлардан басқа кезде, Банк көтереді.

Банк акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру жөнінде Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіпті бұзған жағдайда акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы мүдделі адамның талап етуі бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

Егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы орындалмаған болса, Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы сол адамның талабы бойынша шығарылған сот шешімі негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

6.2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапты Банк Басқармасы орналасқан жердегі Директорлар кеңесіне жиналыстың күн тәртібі көрсетілген жазбаша хат жолдау арқылы қояды.

Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапты алған соң он күн ішінде шешім қабылдап, акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы шақырылатыны туралы хабарды талап етушіге жолдайды. Қойылған талапқа сәйкес шақырылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі өздерінің таңдауы бойынша кез-келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.

6.3. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқы бар акционерлердің тізімін Банк акциясын ұстаушыларды тіркеу жүйесінің деректері негізінде Банктің тіркеушісі жасайды. Тізімнің жасалған күні деп Жалпы жиналысты шақыру туралы шешім қабылданған күннен бұрынғы күнді көрсетуге болмайды.

Акционерлердің тізіміне қосылатын мәліметтерді өкілетті орган белгілейді.

6.4. Егер тізім жасалып болған соң акционерлердің тізіміне қосылып, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқы бар адам, өзіне тиесілі Банктің дауыс беруші акцияларын бөтен адамға берсе, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқы жаңа акционерге көшеді. Мұнда акцияларға жекеменшік құқы барлығын растайтын құжаттарды көрсетуі тиіс.

6.5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін күн мен уақыт ол жиналысқа қатысуға құқы бар адамдардың жиналысқа мейлінше көп қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Банк Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізілуі тиіс.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты мен жиналысты өткізу уақыты Банктің Есептеу комиссиясын тіркеуді жүргізу, жиналысқа қатысушылардың санын шығару және оның кворумы болатынын анықтау үшін қамтамасыз етуі тиіс.

6.6. Акционерлер алдағы өтетін Жалпы жиналыс туралы кем дегенде отыз күнтізбе күні бұрын хабарландырылуы тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін болса, жиналыс өтетін күннен кем дегенде қырық бес күнтізбе күн бұрын хабарландырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе акционерлерге тікелей хат жолдау арқылы естірілуі тиіс.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарда мыналар болуы керек:

1) Банк Басқармасының толық аты мен тұрған мекенжайы;

2) Жиналысты шақырушының бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күні, уақтысы және өткізілетін орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталатын уақтысы, сондай-ақ егер бірінші жиналыс болмай қалған жағдайда Банк акционерлерінің қайта шақырылатын Жалпы жиналысының күні мен уақтысы;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімін жасайтын күні;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Банк акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі материалдармен таныстыру тәртібі.

6.7. Акционерлердің бірінші (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннің келесі күні акционерлердің қайта өткізілетін Жалпы жиналысының келесі күнге тағайындалуы мүмкін.

Акционерлердің қайта шақырылған Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы өтетін жерде өткізілуі тиіс.

Акционерлердің қайта өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгермеуі тиіс.

6.8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар Кеңесі қалыптастырады және талқыланатын мәселелер нақты тұжырымдалып, айқын көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционердің немесе директорлар Кеңесінің ұсынысымен, егер ондай қосымшалармен Банк акционерлері

Жалпы жиналыс өтетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған болса, толықтырылуы мүмкін немесе осы тармақтың бесінші абзацымен бекітілген ретте.

Акционерлердің өздері қатысып отырған Жалпы жиналысын ашарда Директорлар кеңесі өздері алған күн тәртібі жөніндегі ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысқан Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

Күн тәртібіне өзгерістер мен (немесе) қосымшалар енгізілуі мүмкін, егер оған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушылардың және жиынтығы дауыс беретін Банк акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері) жақтап дауыс берсе.

Ал Жалпы жиналыстың шешімі сырттай қабылданатын болса, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) қосымша енгізілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және ол туралы шешім қабылдауға құқылы емес.

Кең мағынада қолданылатын сөздерді, мысалы «әрқилы», «басқа», «басқалар» және сол сияқты сөздерді күн тәртібінде қолдануға рұқсат жоқ.

6.9. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер туралы материалдарда осы мәселе бойынша негізделген шешім қабылдауға қажетті көлемдегі ақпараттар болуға тиісті.

Банк органдарын сайлау туралы материалдарда ұсынылған кандидаттар туралы мынадай ақпараттар болуға тиіс:

- 1) фамилиясы, аты, сондай-ақ өз қалауымен-әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылда жұмыс істеген орны мен атқарған лауазымы;
- 4) кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да ақпараттар.
- 5) Банкке үлестес болу туралы мәліметтер

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер туралы материалдарға мыналар қосылуы тиісті:

- 1) Банктің жылдық қаржы есебі;
- 2) Жылдық қаржы есебіне аудиторлық есеп;
- 3) Банктің өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу және Банктің жай бір акциясына жыл ішінде шаққандағы дивиденттің мөлшері туралы директорлар Кеңесінің ұсынысы;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің бастамашысының қалауы бойынша басқа да құжаттар.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің Директорлар Кеңесіне сайлау туралы мәселені кіргізген жағдайда (Директорлар Кеңесіне жаңа кандидат сайлауда) Директорлар Кеңесіне ұсынылатын кандидаттың қай акционердің өкілі екендігін және (немесе) Банктің тәуелсіз директоры қызметіне кандидат екені не еместігі материалдарда көрсетілуі керек

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің материалдары жиналысты өткізуге он күн қалғанға дейін кешіктірмей Банк Басқармасы орындарында акционерлердің танысуына дайын болуы керек, ал акционердің сұранымы бар болса сұраным бойынша – сұраным берілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оған берілуі керек. Құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды жеткізуге кететін шығындарды материалдарды сұраған акционер көтереді.

6.10. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін тіркелген акционерлердің немесе акционерлердің тізіміне қосылған олардың өкілдерінің, қатысуға және дауыс беруге құқығы бар тұлғалардың бәрін жинақтай келгенде Банктің дауыс беруші акцияларының елу және одан жоғары пайызына иелік ететін болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, олар жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысының орнына қайта шақырылған жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, олар туралы шешім қабылдауға құқылы, егер:

- 1) Кворум болмаған себепті өтпей қалғандай емес, акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған сәтте жиналысқа қатысу үшін тіркелген акционерлер (немесе) олардың өкілдері Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы жиынтығының, мұның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер де бар, қырық және одан да жоғары пайызының иелері болса;

Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетень жіберген жағдайда, Банк Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу сәтінде алған бюллетень және ондағы көрсеткендер кворумды анықтау мен дауыс берудің қорытындысын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізген жағдайда кворум болмаса да акционерлердің Жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

6.11. Есеп комиссиясының міндетін Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілегендей, акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы жүргізеді. Акционерлердің бірінші Жалпы жиналысында санақ комиссиясының міндетін Банктің тіркеушісі жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша санақ комиссиясының міндеті Банктің тіркеушісіне де жүктелуі мүмкін.

6.12. Акционердің акционерлердің Жалпы жиналысына келіп қатысуына және талқыланған мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Банктің Басқарма мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде қатысуға құқы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түзілген сенімхат негізінде әрекет етеді.

Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралған мәселелер бойынша дауыс беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқық беретін немесе оның мүддесін көздейтін шартпен әрекет ететін адамдар үшін сенімхат талап етілмейді.

6.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, осы Жарғымен және Банктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттармен немесе тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлер (олардың өкілдері) тіркеледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтауда ескерілмейді және сайлауға қатысуға құқы жоқ.

Егер акционерлердің Жалпы жиналысы басқа да жағдайды белгілемеген болса, күндізгі өтетін жиналысқа шақырылмаған басқа да адамдар қатыса алады. Мұндай адамдардың Жалпы жиналыста сөйлеу құқы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытында ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан бұрын басталмайды, егер барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп, ескертілген болса және жиналыстың басталу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайдан басқа кезде.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың Төрағасы мен хатшысын (Президиумды) сайлайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс берудің ашық немесе жабық үлгісін (бюллетень бойынша) белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы мен хатшысын (Президиумын) сайлау мәселесінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылардың жай көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды, акционерлердің жиналысына қатысушылардың бәрі бірдей Басқарма мүшесі болған жағдайдан басқа кезде.

Акционерлердің Жалпы жиналысын жүргізу барысында оның Төрағасы талқыланып жатқан мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы дауысқа қоюға, сондай-ақ ол жөнінде дауыс беру әдісін өзгерту жөнінде ұсыныс енгізуге құқылы.

Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға құқы бар адамның сөйлеуіне кедергі жасауға құқылы емес, егер ол сөз Жалпы жиналыстың регламентін бұзатын болса немесе бұл мәселе туралы жарыссөз тоқтатылған болса ғана кедергі жасауына болады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасауға шешім қабылдауға және жұмыс уақытын ұзартуға, оның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі кейбір мәселелерді келесі күнге ауыстыруға құқылы.

Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып және олар туралы шешім қабылданған соң ғана жабық деп жариялауға болады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасындағы толықтығы мен дәлдігіне жауап береді.

6.14. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру жолымен де қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру әдісін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауысымен қосып (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ қолдануға болады.

Сырттай дауыс беру жүргізілген кезде біртұтас үлгіде дауыс беру үшін бюллетендер акционерлердің тізіміне қосылған адамдарға жіберіледі.

Банк Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижесіне ықпал ету мақсатымен бюллетенді жекелеген акционерлерге іріктеп жіберуге құқылы емес.

Дауыс беру үшін бюллетень акционерлердің тізіміне енген адамдарға Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы басталатын күнге дейін қырық бес күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) Жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді берудің нақты күні;
- 4) Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күн немесе Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбей-ақ сырттай берілген дауыстар есептелетін күн;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесі тұрса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аты;
- 7) Дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер-жеке тұлға, осы адамның жеке басын куәлендіретін құжаты туралы мәліметтерді көрсетіп, қолын қояды.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер- заңды тұлғаның басшысы қолын қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәлендіреді.

Акционердің - жеке тұлғаның немесе акционердің басшысы - заңды тұлғаның қолдары қойылмаған және заңды тұлғаның мөрімен куәлендірілмеген бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауысты есептеген кезде акционерлер бюллетенде көрсетілген мәселелер бойынша сайлау тәртібін сақтаған және дауыс берудің бір түрін белгілеген де ғана есепке алынады.

Егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе қойылған болса, сырттай дауыс беретін бюллетенде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстың санын көрсету үшін бюллетеннің шетінен орын қалдырылады.

Егер акционер сырттай дауыс беру бюллетенін алдында жіберіп қойып, артынан Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын және онда аралас дауыс беру қолданылатын болса, оның бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау мен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруде есепке алынбайды.

6.15. Акционерлердің жалпы жиналысының осы Жарғының 5.7. тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім Банктің дауыс беруге

қатысқан акциясының жалпы санының кәсіптендірілген көпшілік дауысымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелері туралы шешімдері Банктің дауыс беруге қатысқан жалпы санының жәй көпшілік дауысымен қабылданады, егер Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Жарғыда басқа нәрселер қарастырылмаған болса.

6.16. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, мына жағдайлардан басқа кезде, “бір акция-бір дауыс” принципімен жүзеге асырылады:

- 1) акциялар бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайда бір акционерге берілетін дауыс санын азайту;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс беру;
- 3) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір адамға Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің реттері бойынша мәселелерге бір дауыстан беру.

Акциялар бойынша жиынтық дауыс беруде Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа акционер толық немесе Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидатқа бөліп дауыс беруіне де болады. Директорлар кеңесіне мейлінше көп дауыс алған кандидат сайланды деп танылады.

Егер акционерлердің өздері қатысып өткізетін Жалпы жиналысында дауыс беру жасырын әдіспен жүргізілген жағдайда, мұндай дауыс беру үшін (бұдан әрі осы бапта-жасырын өзі қатысып, дауыс беретін бюллетенде) бюллетендер жасырын дауыс берілетін әр мәселе бойынша жеке жасалады. Мұндай жасырын дауыс беру үшін жасалған бюллетенде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) мәселелерді қалыптастыру немесе жиналыстың күн тәртібіндегі рет саны;
- 2) мәселелер бойынша "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе Банктің органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) акционерге тиесілі дауыстың саны.

Өзі қатысып, дауысты жасырын беретін бюллетенге, егер акционердің өзі ықылас білдірмесе акционер қол қоймайды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне тиесілі акцияны Банктің сатып алуын талап етпесе.

Өзі қатысып жасырын дауыс беру үшін бюллетендер бойынша дауысты санау кезінде бюллетенде көрсетілген және дауыс берудің бір ғана түрін белгілеген, дауыс берудің тәртібін сақтаған сайлаушылардың дауысы есепке алынады.

6.17. Дауыс берудің қорытындысы бойынша Есеп комиссиясы хаттама жасап, оған қол қояды.

Дауыс беруге қойылған мәселе бойынша акционердің айырықша пікірі болған жағдайда Банктің Есептеу комиссиясы хаттамаға тиісті жазу түсіруге міндетті.

Дауыс берудің қорытындысы бойынша хаттама жасалып, оған қол қойылған соң хаттама жасауға негіз болған сайлаушылардың өзі қатысқан жасырын және сырттай дауыс беру үшін бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер де бар) хаттамамен бірге тігіліп, Банктің архивіне сақтауға тапсырылады.

Дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосып тіркелуге жатады.

Дауыс берудің қорытындысы дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс берудің нәтижесі акционерлердің назарына оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарлау арқылы жеткізіледі.

Дауыс берудің қорытындысы туралы хабарлама әрбір акционерге тікелей жеке жіберіледі немесе **жарғымен анықталаған, бұқаралық ақпарат құралдарында** жарияланады.

6.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

- 1) Банктің толық аты мен тұрған мекен-жайы;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және өткен жері;

- 3) акционерлердің жалпы жиналысына берілген Банктің дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысындағы дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (Президиумы) мен хатшысы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушылардан сөз сөйлеген адамдар;
- 9) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауысқа қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлер дауысының жалпы саны;
- 10) дауысқа қойылған мәселелер, олар жөнінде дауыстың қорытындысы;
- 11) акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Акционерлердің Жалпы жиналысында Банк Директорлар Кеңесін сайлау туралы мәселе қарастырылғанда (Директорлар Кеңесіне жаңа мүше сайлау) жалпы жиналыстың хаттамасында таңдалған Директорлар Кеңесі мүшесінің қай акционердің өкілі екендігі көрсетіледі және (немесе) Директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директоры екендігі көрсетіледі.

6.19. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қол қоюға жататындар:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (Президиум мүшелері) мен хатшысы;
- 2) Есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) Банктің дауыс беруші акцияларының он одан жоғары акцияларын иемденуші және Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адам оған қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда өзі берген сенімхаттың негізінде хаттамаға соның өкілі қол қояды.

6.20. Осы Жарғының 6.19 тармағында көрсетілген кез келген біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам хаттамаға қоса тігілетін қол қоюдан бас тартатын себебін жазбаша тапсырады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс берудің қорытындысы туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысып, дауыс беру құқығын беретін сенімхаттармен, сондай-ақ қол қойылған хаттама мен хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебін жазбаша берген түсініктеме бәрі бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттарды Банк Басқармасы сақтауға тиіс және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта беріледі. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

6.21. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының бастамасымен немесе Банк Басқармасының, сондай-ақ:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Банктің ішкі Аудит қызметінің;
- 3) Банкке аудит жүргізуші аудиторлық ұйымның;
- 4) Ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап директорлар мәжілісі Кеңесінің күн тәртібі ұсынылған тиісті жазбаша түрде Директорлар кеңесінің Төрағасына қойылады.

Директорлар кеңесінің мәжілісі көрсетілген талапты көрсеткен тұлғаны міндетті түрде шақырумен жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы жазбаша хабарлама мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қосып, мәжіліс өткізілетін күннен кем дегенде үш күн бұрын Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиісті.

Директорлар Кеңесі мүшелеріне мәжіліс өткізілуі туралы жазбаша хабарлама жіберу тәртібін Директорлар Кеңесі анықтайды. «Алтын акция» иесіне Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарлама мәжіліс өткізілуіне дейін үш күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламада мәжіліс шақырылатын күн, уақыт және мәжіліс өткізілетін жер мен оның күн тәртібі көрсетілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мәжілісіне келуі мүмкін еместігін Банк Басқармасына күні бұрын хабарлайды.

6.22. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысының санынан кем болмауы керек.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта анықталғандай кворум жинау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар Кеңесіне жаңа мүшелер сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға ғана құқылы.

6.23. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен басқа да бір жағдайлар қарастырылмаған болса, Директорлар кеңесінің шешімі оған қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыс тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өздерінің мәжілісін жабық өткізуге шешім қабылдауға құқылы, ол мәжіліске тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алады.

6.24. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімі сырттай дауыс беру жолымен де қабылдана алады.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысушы Кеңес мүшелерінің дауысымен бірге (аралас дауыс беру) немесе Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырмай-ақ қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру бюллетендердегі белгіленген мерзімде алынған кворумның бар болуы жағдайында қабылданған деп есептелінеді.

Бюллетенде мынандай ақпараттар болуға тиіс:

- 1) Банктің толық аты және Банк Басқармасының мекенжайы;
- 2) дауыс беруді жүргізетін бастамашы туралы мәлімет;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетендерді берудің нақты күні;
- 4) дұрыс және нақты қойылған мәселе (мәселелер), дауыс беруге қойылған;
- 5) сөзбен білдірілген дауыс беру нұсқалары “жақтайды”, “қарсы”, “қалыс қалды”;
- 6) бюллетенді толтыру тәртібін түсіндіру.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілетін мәжілісі жазбаша түрде рәсімделуі тиіс және Директорлар кеңесінің Хатшысы мен Төрағасы қолдарын қоюы қажет.

Шешімді ресімдеу күнінен бастап ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне бюллетенді қосымшасы ретінде жіберілуі қажет, бұл бюллетендер негізінде аталмыш шешім қабылданған болатын.

Директорлар кеңесі сырттай өткізілген мәжілісінің шешімінде осы Жарғының 6.25 тармағында көрсетілген мәлімет болуы тиіс.

6.25. Мүшелері тікелей қатысып өткізілген Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қойған хаттамамен мәжіліс өткен үш күн ішінде рәсімделеді. Хаттамада көрсетіледі:

- 1) Банк Басқармасының толық аты мен тұрған мекен-жайы;
- 2) мәжілістің өткізілген күні, уақыты және өткен жері;
- 3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және олар туралы дауыстың қорытындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша басқа да мәліметтер.

6.26. Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Банктің архивінде сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін және оған хаттамалар мен шешімдерден Банктің өкілетті қызметкерінің қолымен куәлендірілген және Банк мөрінің таңбасы басылған көшірме беруге міндетті.

6.27. Банктің басқармасын қажет болған кезде Басқарма Төрағасы немесе оның мүшелерінің үштен бір бөлігінен кем емесінің талап етуі бойынша шақырылады.

Банк Басқармасы өзінің құзырына жататын және оның қарауына енгізілген мәселелерді шешуге құқылы, егер оның отырысына Банк Басқармасы мүшелерінің жартысынан кем емесі қатысса.

Банк Басқармасының мәжілісі кез келген күні (мереке не демалыс күні), кез келген жерде және тәулік уақытында өткізілуі мүмкін. Мәжілісті Банк Басқармасының Төрағасы немесе оны алмастырушы адам жүргізеді.

Банк Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Басқарма шешімі оның отырысына қатысушы Басқарма мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең түскен жағдайда Басқарма Төрағасының немесе оны алмастырушының дауысы шешуші болып табылады.

Банк Басқармасы мәжілісінің хаттамасын жүргізу міндетті және оны Банк қызметкерлерінің арасынан Директорлар кеңесі тағайындаған хатшы жүргізеді. Басқарма мүшесі Банк Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда өзінің айырықша пікірін хаттамаға енгізуді талап етуге құқылы, ал хатшы оны хаттамаға енгізуге міндетті. Банк Басқармасы мәжілісінің хаттамасы ол өткізілгеннен кейін үш күннен кешіктірілмей рәсімделіп, оған Банк Басқармасының Төрағасы немесе оны алмастырушы адам мен мәжілістің хатшысы қол қояды.

Банк Басқармасы мәжілісінің хаттамасы Банктің архивінде сақталады.

6.28. Ішкі Аудит қызметінің жұмысын үйлестіру тәртібі Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

VII. БАНКТИҢ ЕСЕБІ МЕН ЕСЕП БЕРУІ. АҚПАРАТ БЕРУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ

7.1. Банктің қаржылық (опреациялық) жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

7.2. Банктің қаржылық есебіне Банктің бухгалтерлік балансы, кірістер мен шығыстар туралы есебі, ақша қозғалысы туралы есеп және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес өзге есеп беру түрлері кіреді.

Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есебін дайындау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленеді.

Банк операциялар мен оқиғалар есебін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Банктің бухгалтерлік есеп саясаты Директорлар кеңесімен анықталады.

Қаржылық және өзге есеп берудің тізімі, сонымен бірге мерзімі, тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

7.3. Банк Басқармасы жыл сайын өткен жылдың қаржылық есебін, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аудиторлық қызмет туралы жүргізілген аудит талқылап, бекіту үшін акционерлердің Жалпы жиналысына ұсынады. Басқарма қаржы есеп-қисабынан басқа, Жалпы жиналысқа аудиторлық есеп-қисапты ұсынады.

Жылдық қаржы есебі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы заңдарына сәйкес түзіледі.

Жылдық қаржылық есеп акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін отыз күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Банктің жылдық қаржы есебін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

Банк бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық есепті, сонымен бірге жылдық баланс және қаржы есеп-қисабының басқа да түрлерін (Қаржы есеп-қисаптың халықаралық үлгілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларда, банктің заңдарының талаптарына сәйкес аудиторлық ұйымнан растауды алғаннан кейін, оларда берілген мәліметтердің растығын немесе олардың аудиторлық растауынсыз.) Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес белгіленген түрлері бойынша, мерзімінде және көлемінде жария етеді. Банк басқа қаржы есеп-қисабын қосымша жариялауға құқылы.

7.4. Банк жылдық қаржылық есепке аудит жүргізуге міндетті.

Бухгалтерлік есеп пен есеп беруге, алғашқы құжаттар мен Банктің қызметі туралы басқа да ақпараттарға аудит жүргізуді Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдары мен Қазақстан Республикасының Банкілік заңдарының талаптарына сәйкес аудит жүргізуге құқықты аудиторлық ұйым (аудитор) жүргізе алады.

7.5. Банкке аудит жүргізу Директорлар кеңесінің Басқарманың бастамасымен, Банк есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша, соның есебінен жүргізілуі

мүмкін, бұл жағдайда ірі акционер банктік заң талабын есепке ала отырып аудиторлық ұйымды жеке анықтауына құқылы. Ірі акционердің талапа етуі бойынша аудитті жүргізген жағдайда Банк аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Банк Басқармасы Банкке аудит жүргізуден бас тартса, кез келген мүдделі адамның талабы бойынша аудит сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

7.6. Аудит нәтижесі мен өздерінің қорытындысын аудиторлық ұйым (аудитор) Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасына тапсыратын есебінде көрсетеді.

Аудиторлық ұйым (аудитор) уәкілетті органның талап етуі бойынша жүргізілген аудиторлық тексерудің қорытындысының көшірмесін беруге міндетті.

7.7. Банк өзінің акционерлерін Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты Банктің қызметі туралы мәліметтерді жеткізіп тұруға міндетті.

Банк акционерлерінің мүддесін қозғайтын ақпараттар деп мыналар танылады:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпараттар;
- 2) Банктің акциялары мен басқа да құнды қағаздарын шығару және Банктің құнды қағаздарын орналастырудың қорытындысы туралы есепті өкілетті органдардың бекітуі, Банктің құнды қағаздарын өтеудің қорытындысы туралы есеп, Банктің құнды қағаздарының күшін өкілетті органның жоюы;
- 3) Банктің оны жасауға мүддесі бар ірі мәмле және мәмле жасауы;
- 4) Банктің өз капиталының жиырма бес және оданда жоғары пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;
- 5) Банктің белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия алуы, белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға оған дейін алған Банк лицензиясының тоқтатылуы және тоқтауы;
- 6) Заңды тұлғаның мекемесіне Банктің қатысуы;
- 7) Банк мүлкіне тыйым салу;
- 8) Банктің жалпы актив мөлшерінің баланстық құны он және одан да жоғары пайызын құрайтын Банк мүлкінің төтенше сипаттағы жағдайлардың салдарынан жойылуы;
- 9) Банк пен оның жауапты адамдарын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 10) Банкті еріксіз қайта құру туралы шешім;
- 11) Осы Жарғыға сәйкес, акционерлердің мүддесін қозғайтын басқа да ақпараттар.

Акционерлердің мүддесін қозғайтын, Банктің қызметі туралы ақпараттарды беру Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Банк Банктің қызметтік немесе коммерциялық құпиясына ие қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

7.8. Акционердің талап етуі бойынша Банк 7 күндік мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғандай, құжаттардың көшірмесін акционердің өзіне тікелей жеткізіп беруге міндетті. Мұнда қызметтік, коммерциялық және тағы басқа да заңмен қорғалатын құпияларға шектеу қоюға жол беріледі.

Құжаттардың көшірмесін бергені үшін ақы мөлшерін Банк Басқармасы белгілейді ол құжаттардың көшірмесін әзірлеуге және құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты жұмсалған шығындардың құнынан аспайды.

Банктің бағалы қағаздарының айналымы мен конвертациясын, орналастыру мен шығарылуының жеке мәселелерін регламенттейтін және қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалған құпиясы бар құжаттар акционердің талап етуі бойынша оның танысып шығуы үшін ұсынылуы керек

7.9. Банктің акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты беру үшін, Банк Интернет жүйесінде WEB-сайтты пайдаланады: www.eurasian-bank.kz.

Банктің өз қызметі туралы, ақпараттың жариялауы мемлекеттік және орыс тілдеріне сәйкес «Егемен Қазақстан» және «Экспресс-К» газеттерінде жүзеге асырылады

7.10. Акционер және Банктің лауазымды тұлғалары мынаған міндетті:

1) өзі туралы ақпаратты және Банктің аффилиирленген тұлғасы (болған) болып есептелетін тұлғалар туралы қол жететін ақпаратты ашуға, сонымен бірге Банкке пайда болатын өзгерістер туралы уақытылы беруге;

2) өзінің аффилиирленген тұлғаларына өздері туралы ақпаратты Банкке беру қажеттілігі туралы хабардар етуге;

3) Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аффилиирленген тұлғаларға олардың Банкке мәліметтерді уақытылы және толық беруіне жәрдемдесу.

7.11. Аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты беру сауалдаманы жазбаша толтыру арқылы жүргізіледі. Толтыруға арналған сауалдама түрі Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

7.12. Толтырылған сауалдамалар оларды алған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде лауазымды тұлғалармен және олардың аффилиирленген тұлғаларымен беріледі.

Ақпарат өзгерген жағдайда, аталмыш ақпаратты бұдан бұрын берген тұлға Банкті бұндай өзгерістердің пайда болған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

VIII. БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

8.1. Банкті қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асады.

Банкті ықтиярсыз қайта құру сот шешімі бойынша әрекет етуші заңнамаға сәйкес жүреді.

8.2. Банк таратылуы мүмкін:

а) акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен, уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда (ерікті тарату);

б) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайларда, сот шешімі бойынша (ықтиярсыз тарату).

8.3. Банкті тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

8.4. Банкті тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін құрылған тарату комиссиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқарады.

Басқарма Төрағасы

Конопасевич А.В.